

Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және оны жүргізудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 1149 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 636 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 636 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 13-бабының 13) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және оны жүргізудің ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

2 9

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 1 4 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және оны жүргізудің ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және оны жүргізудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және оны жүргізудің тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) мемлекеттік сатып алу веб-порталы (бұдан әрі - веб-портал) арқылы электрондық түрде, мемлекеттік

және орыс тілдерінде қалыптастырады және жүргізеді әрі олар Заңның 11-бабының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

3. Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тізілімдерде қамтылған мәліметтер веб-порталда орналастырылады және олар төлем алынбастан танысу үшін мүдделі тұлғаларға қол жетімді болуы тиіс.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

2. Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыру және оны жүргізу тәртібі

4. Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдер мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) тапсырыс берушілердің тізілімі;
- 2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;
- 3) мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізілімі;
- 4) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Параграф 1. Тапсырыс берушілердің тізілімі

5. Тапсырыс берушілердің тізілімі тапсырыс беруші туралы мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) тапсырыс берушінің атауы;
- 2) тапсырыс берушінің орналасқан орны - мекен-жайы, почталық индексі;
- 3) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН);
- 4) тапсырыс берушінің әділет органдарында мемлекеттік тіркелгені туралы құжаттың нөмірі және күні.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321; 24.04.2014 N 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5-1. Тапсырыс берушілер тізілімін жүргізу осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-портал арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 қаулысымен.

6. Тапсырыс берушілердің тізілімін қалыптастыру осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес веб-порталдағы тапсырыс берушінің тіркеу деректері негізінде веб-портал арқылы автоматты түрде жүзеге асырылады. Бұл ретте тапсырыс беруші веб-порталда ол әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей тіркеледі. Қайта ұйымдастырылған (таратылған) не тапсырыс берушінің әділет органындағы тіркеу деректері өзгерген жағдайда, тапсырыс беруші осындай жағдайлар әділет органдарында тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде веб-порталдағы тапсырыс берушінің тіркеу деректеріне өзгертілген мәліметтерді енгізеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2014 N 393 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.04.2014 N 393 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Ескерту. 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

9. Тапсырыс берушілердің тізіліміне енгізілген тапсырыс беруші туралы мәліметтер заңнамада белгіленген тәртіппен электрондық түрінде сақталады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

Параграф 2. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізілімі (жіктеуіш)

Ескерту. 2-параграф алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Параграф 3. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізілімі

13. Шарттардың тізілімінде шарт (оның өзгеруі) туралы мынадай мәліметтер қ а м т ы л у ы т и і с :

- 1) тапсырыс берушінің атауы;
- 2) қаржыландыру көзі - республикалық бюджет, жергілікті бюджет, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен қаражаты, мемлекеттік мекемелер үшін демеушілік, қайырымдылық көмектен түскен қаражат (бұдан әрі - бюджеттен тыс қаражат), м е н ш і к т і қ а р а ж а т ;

3) мемлекеттік сатып алуды Заңға сәйкес жүзеге асырудың, сондай-ақ осы Заңның өнім берушіні таңдауды және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды реттейтін нормаларын қолданбастан жүзеге асырылатын

мемлекеттік сатып алу тәсілі;

4) конкурс қорытындылары, аукцион қорытындылары, бір көзден сатып алуды өткізу қорытындылары, баға ұсыныстарын сұратуды жүргізу қорытындылары шығарылған күн, сондай-ақ шарттың жасалу негізін растайтын құжаттың деректемелері;

5) шартты жасасқан күн - шарттың жасалған жылы, күні, айы;

6) аумақтық қазынашылық бөлімшелерде мемлекеттік мекемелердің шартты тіркегені туралы мәліметтер - өтінім нөмірі мен тіркеу күнін қоса алғанда, тіркеу туралы хабарламалардың деректемелері;

7) шарттың мәні, бағасы және оның орындалу мерзімі - тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің толық атауы, олардың құны, сондай-ақ шарттың орындалатын айы және жылы;

8) заңды тұлғалар үшін – атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) және өнім беруші (орындаушы, мердігер) болып табылатын жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі (Ж С Н) ;

9) шарттың қолданылуын тоқтату туралы (орындалуы немесе орындалмауы туралы) мәліметтер - тауарларды беруге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған шарттың орындалуы туралы не оның бұзылуына байланысты немесе өзге де себептер бойынша шарттың қолданылуын тоқтату туралы ақпарат .

Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитын мемлекеттік сатып алу туралы шарттар мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жеке тізіліміне енгізіледі, оны жүргізудің тәртібін уәкілетті орган мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша белгілейді. Мұндай мәліметтерге қол жеткізу Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады .

Заңның 4-бабы 1-тармағының 3), 23) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алудың нәтижелері бойынша жасалған шарттар туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізіліміне енгізілуге жатпайды .

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321; 24.04.2014 N 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

14. Тапсырыс беруші шартты жасасқан (оны өзгерткен) күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес шарттар тізілімінің электрондық нысанын толтыру жолымен шарт (оның өзгеруі) туралы мәліметтерді веб-порталға енгізеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

15. Тапсырыс беруші шарт қолданылуын тоқтатқан (орындалған немесе орындалмаған) күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес шарттар тізілімінің электрондық нысанын толтыру жолымен шарттың қолданылуын тоқтату туралы (орындалуы немесе орындалмауы туралы) мәліметтерді веб-портал арқылы енгізеді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

16. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.04.2014 N 393 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

17. Ескерту. 17-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

18. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталына шарттың өзгеруі туралы мәліметтерді немесе шарттың қолданылуын тоқтату туралы (орындалуы немесе орындалмауы туралы) мәліметтерді ұсынған жағдайда, шарт туралы бастапқы мәліметтер мұрағатын сақтай отырып, тізілімдегі жазбаны автоматты түрде жаңарту жүргізіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

19. Ескерту. 19-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

20. Ескерту. 20-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

21. Шарттардың тізіліміне енгізілген шарт (оның өзгеруі) туралы мәліметтер және (немесе) шарттың қолданылуын тоқтату туралы (орындалуы немесе орындалмауы туралы) мәліметтер шарттың қолданылуын тоқтату туралы (орындалуы немесе орындалмауы туралы) мәліметтерді оған енгізген күннен бастап үш жыл бойы шарттардың тізілімінде сақталады.

22. Көрсетілген мерзім өткен соң шарттардың тізілімінен шығарылған шарт (оның өзгеруі) туралы мәліметтер немесе шарттың қолданылуын тоқтату туралы (орындалуы немесе орындалмауы туралы) мәліметтер заңнамада белгіленген тәртіппен электрондық түрінде сақталады.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді- ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

Параграф 4. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі

23. Тапсырыс берушілер әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес мұндай өнім беруші туралы мәліметтерді электрондық және қағаз түрінде уәкілетті органға б е р е д і .

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді- ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

24. Тізілімді жүргізу осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

25. Тізілімге мәліметтерді енгізген кезде:

1) жосықсыз өнім беруші туралы ақпарат:
ө н і м б е р у ш і н і ң а т а у ы ;
е л і ;

Қазақстан Республикасының резиденттері үшін – бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) (з а ң д ы т ұ л ғ а ү ш і н);
жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (жеке тұлға үшін);

Ресей Федерациясының резиденттері үшін – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (СТС) (занды тұлғалар үшін), дара жеке шоттың сақтандыру нөмірі (ДЖШСН) (жеке тұлғалар үшін);

Беларусь Республикасының резиденттері үшін – төлеушінің есепке алу нөмірі (ТЕН) (занды тұлғалар үшін), веб-порталда автоматты түрде берілетін реттік нөмір (РН) (жеке тұлғалар үшін);

2) өткізілген сатып алу туралы мәліметтер:
сатып алуды жүзеге асыру тәсілі;
сатып алу туралы хабарландырудың нөмірі;
сатып алу туралы хабарландырудың күні;
сатып алу қорытындыларын шығару күні;

3) Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар тізіліміндегі шарттың нөмірі;

4) өнім берушіні (әлеуетті) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп т а н у н е г і з д е м е с і ;

5) сот шешімі туралы мәліметтер:
с о т т ы ң а т а у ы ;
с о т ш е ш і м і н і ң н ө м і р і ;
с о т ш е ш і м і н і ң к ү н і ;
с о т ш е ш і м і н і ң з а ң д ы к ү ш і н е е н г е н к ү н і ;

6) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен алып т а с т а л ғ а н к ү н .

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.04.2014 N 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы туралы мәліметтерді қамтитын тізілімдегі жазба Заңда белгіленген мерзім өткен соң тізілімнен автоматты түрде алынып тасталады. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы шешімді жою туралы заңды күшіне енген сот актісі болған жағдайда, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы туралы мәліметтерді қамтитын тізілімдегі жазба әлеуетті өнім берушінің не өнім берушінің сұрау салуы бойынша уәкілетті орган тиісті сот актісін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде алынып тасталады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2014 N 393 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Мемлекеттік сатып алу саласында
тізілімдерді қалыптастырудың
және оны жүргізудің ережесіне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1321 Қаулысымен.

Мемлекеттік сатып алу
саласында тізілімдерді
қалыптастырудың
және оны жүргізудің
ережесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2014 N 393 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Тапсырыс берушілер тізілімі

Р/с №	Тізілімдегі жазба нөмірі	Тапсырыс берушінің атауы		Тіркеу күні	Соңғы жаңарту күні	БСН
		Қазақ тілінде	Орыс тілінде			
1	2	2	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Резиденттік	КАТО	Өңір	Есептілік әкімшісінің атауы
8	9	10	11

Мемлекеттік сатып алу
саласында тізілімдерді
қалыптастырудың
және оны жүргізудің
ережесіне
7-қосымша

Шарттардың тізілімі

[illegible]

Шарттың аумақтық қазынашылық органдарында тіркелгені туралы мәліметтер (мемлекеттік мекемелер үшін)					Шарттың мәні					
Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесінде шартты тіркеуге берген өтінім		Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесінде шартты тіркеу туралы хабарлама		Сатып алу мәнінің түрі	сыныптама бойынша өнімнің коды	тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер атауы	тауарлардың, жұмыстардың , көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы	тауарлардың, жұмыстардың , көрсетілетін қызметтердің қосымша сипаттамасы	өлшем , бірлігі	Бір бірл үші баға тең
нөмірі	күні	нөмірі	күні							
14	15	16	17							
				18	19	20	21	22	23	24

[illegible]

Заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның Т.А.Ә.)	БСН, ЖСН (РФ – үшін СТС, ДЖШСН БР үшін – ТЕН, РН)	Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер және олардың өнім берушілерінің дерекқорындағы жазба нөмірі	өнім берушінің елі	Заңды мекенжайы	І с жүзіндегі мекенжайы	Электрондық почтаның мекенжайы	мәртебесі	Телефон (факс)	шарт бойын
27	28	29	30	31	32	33	34	35	36

Мемлекеттік сатып алу
саласында тізілімдерді
қалыптастырудың
және оны жүргізудің
ережесіне
8-қосымша

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар туралы мәліметтер

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2014 N 393 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Жосықсыз өнім беруші туралы ақпарат			Заңның 6-бабы 1-тармағының 3), 3-1), 3-2) тармақшаларына сәйкес адамдар туралы мәліметтер		Тапсырыс беруші туралы ақпарат			Өткізілген сатып алу туралы мәл		
Өнім берушінің атауы	Өнім берушінің елі	БСН, ЖСН (РФ үшін – СТС, ДЖШСН БР үшін – ТЕН, РН)	Т.А.Ә.	РФ үшін – СТС, ДЖШСН, БР үшін – ТЕН, РН	Тапсырыс берушінің атауы	Тапсырыс берушінің елі	БСН, ЖСН (РФ үшін – СТС, ДЖШСН, БР үшін – ТЕН, РН)	Сатып алу тәсілі	Веб-порталдағы сатып алу туралы хабарламаның нөмірі	Сатып алуды хабарлау күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

--	--

Сот шешімі туралы мәліметтер				Тізілімнен алып тас күні
Соттың атауы	Сот шешімінің нөмірі	Сот шешімінің күні	Сот шешімінің заңды күшіне енген күні	
15	16	17	18	19

Мемлекеттік сатып алу
саласында тізілімдерді
қалыптастырудың
және оны жүргізудің
ережесіне
9-қосымша

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2014 N 393 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Жосықсыз өнім беруші туралы ақпарат			Тапсырыс беруші туралы ақпарат			Өткізілген сатып алу туралы мәліметтер			
Өнім берушінің атауы	Өнім берушінің елі	БСН, ЖСН (РФ үшін – СТС, ДЖШСН, БР үшін – ТЕН, РН)	Тапсырыс берушінің атауы	Тапсырыс берушінің елі	БСН, ЖСН (РФ үшін – СТС, ДЖШСН, БР үшін – ТЕН, РН)	Сатып алу тәсілі	Веб-порталдағы сатып алу туралы хабарламаның нөмірі	Сатып алуды хабарлау күні	Сатып алу қорытындылары жасау күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Сот шешімі туралы мәліметтер				Тізілімнен аль тастау күні
Соттың атауы	Сот шешімінің нөмірі	Сот шешімінің күні	Сот шешімінің заңды күшіне енген күні	
13	14	15	16	17